Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Хаттама №1

Өндірістік кеңес отырысы
Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл».
22.09.2023ж
Төрайым: Г.Т.Ибышова
Хатшы: Қ.А. Аманбаева
Қатысқандар: 44 адам

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: «Айгөлек» бөбкжайы» КМҚК директоры Г.Т. Ибышева қызметкерлерге Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарымен, Қазақстан Республикасының Заңдарының ережелерін еске салды.
Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтың алдын алу фактілері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қоса сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаларын атап өтті: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады.
Мектепке дейінгі мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ақпараттық стендтер және білім беру ұйымының сайтына материалдарды орналастыру арқылы жүргізу қажеттілігіне айтты.
СӨЗ СӨЙЛЕДІ: С.Ж. Тилеубек сыбайлас жемқорлықа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:
    1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
    2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
    3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
    4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
    5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асрылады.

ШЕШІМІ:
1. 2023-2024 жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысын жалғастыру.

2. «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыру

Төрайым: Г.Т.Ибышова
Хатшы: Қ.А. Аманбаева